

Жамбыл Жабает өмірі мен шығармашылығы



*орындаган: Батыкова Аида
Тексерген: Умарова Нурилла*



*Жамбыл Жабаев-қазақ
халық поэзиясының әйгілі
тұлғасы, өлең сөздің
дүлдүлі, жырау, жыршы. 1846
жылы Жамбыл облысындағы
Жамбыл
тауының етегінде дүниеге
келген. 1945 жылы Алматы
облысының Ұзынағаш елді мекенінде
қайтыс болған. Шыққан тегі-Ұлы
жүз руының Шапырашты
тайпасының ішіндегі Екей руы.*

Жасында білім алуға мүмкіндігі болмаса да, зерек бала көзімен көріп, көңіліне түйгендерді өлең етіп айта бастайды. Осылайша 16 жасында ол қазақ даласына белгілі болды. Оның қазақ, қырғыз ақындарымен айтысы қазақтың халық ауыз әдебиетінің алтын қорына енді. Жамбылдың Бақтыбай, Айкүміс, Сарыбас, Шашуюай, Құлмам ет сияқты ақындарымен айтысы көпшілікке кеңінен мәлім. Әсіресе, ақынның Құлмамбетпен айтысы даңқын көпке жайды.





Жамбыл мен Құлмамбет айтысы

- Жамбыл мен Құлмамбет айтысы - дәстүрлі ақындар айтысының озық үлгілерінің бірі. 1897 жылы ұлы жүз Албан руының жайлауында Шәрипа деген қыздың ұзату тойында өтеді. Осы тойда Құлмамбет Жетісу мен Ыстықкөлден келген 9 ақынды түгел жеңіп шығады. Жамбылмен айтысқа түскенде Құлмамбет оны бірден абыржытып алу үшін кемсітіп, кедейлігін бетке басады, ал Жамбыл Албан елінің бірнеше бай-шонжарларын атап, сол мақтаулы байлардың кедейлердің табанақы, мандай терін жеп жүрген құлқын құмарлығын әшкерелейді. Ел қорғаған ерлігімен, кедей кепшікке қорған болған әділдігімен танылған халық батырлары — Қарасай, Сарыбай, Сұраншы, Сынатай, Саурықты дәріптейді. Сол кездің әлеуметтік-қоғамдық болмысын жан-жақты қамтып, замана шындығын толық жеткізген айтыстың мазмұны терең, тілі көркем. Айтыс 78 буынды жыр және 11 буынды қара өлең үлгісімен өрбіп отырады. Оның көркемдік ерекшеліктерінің бірі — екі ақынның сөздері ұзақ сүре жыр, монолог болып келуі.*



Айкүміспен айтысы

- Жамбылдың даңқы алдымен айтыс өнері арқылы шыққан. Өз тұсында небір бұлбұл, небір дүлдүл ақындармен айтысып тізе бүктірген. Алғашқы айтыстары ойын-тойларда өтеді. Жамбыл жастықтың салтын сақтап, Айкүміс, Бұрым, Сара сияқты қыздармен айтысады. Жамбылдың жастық шағының мұңды да шуақты сырына толы ақындық өнерін танытатын сұлу жыры Айкүміспен айтысы. Жамбыл Айкүміске "әуелден-ақ болдың ойда", "құмары басылмаған албырт едім" дей отырып, өзінің жүрек сырын, іңкәр көңілін астарлап жеткізеді.*
- М. Жолдасбеков: "Тіптен Жамбыл мен Айкүміс айтысқаннан гөрі, сырласқанға көбірек ұқсайды. Сондықтан да айтыста драмадан гөрі, лирикалық сыр басым» деген.*





Ақын өзінің ұстазы Сүйінбайдың сара жолын мейлінше сәтті жалғады. Жасынан сөз өнеріне жетік, шыншыл, бірбеткей Жамбылдың алғашқы өлеңдерін Сүйінбай мақұлдап, оған бата берген. Ол өз өлеңдерінде:



*Менің пірім-Сүйінбай,
Сөз сөйлеймін сиынбай.
Мырлы, сұлу сөздері-
Мағағ тартқан сиындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай.*

Сүйінбай Аронұлының Жамбылға берген батасы

- Түскен жолың даңғыл өмірің айдын болсын,
- Домбыра, садақ, өлең оқты орнымен жұмсай біл,
- Шыншыл, әділ бол, көптің ойындағысын тап, сөзін сөйле.
- Дұшпаныңа әрқашан да батыл бол,
- Әрқашан да адал бол, жөн іске қамал бол,
- Жаманға - қашық, жақсыға - асық бол.
- Таусылмайтын - дәулет, тозбайтын сәулет берсін.
- Сөзің асыл, ғұмырың ғасыр болсын,
- Береке дарып, бақ қонсын, Әумин» - деп бата берген екен



- *Жамбыл туындыларының ерекше түрі – оның сатиралық өлеңдері. Жамбылдың да сатиралық өлеңдері адам мінез-құлқындағы, қоғамдағы ұнамсыздықты, жағымсыз әрекеттерді мінеген ащы сын, өткір мысқылға толы. Жамбылдың сатирашы ақын екені оның «Кәдірбайдың төбеті», «Кәкімге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Есенәлі мешкейге» сияқты өлеңдерінен-ақ айқын сезіледі*

“Кәдірбайдың төбеті”



- 1. Авторы: Ж.Жабаев.
- 2. Тақырыбы: Кәдірбайдың өлген төбет иті жайлы баяндалады.
- 3. Жанр түрі - поэзия (сатиралық өлең).
- 4. Бунақ саны - 2
- 5. Идеясы - мақтаншақ байдың итін ақынсымақтардың сыйлық үшін қызыл кеңірдек болып жырлауы.
- 6. Шумақ - 43 (төрт бөлімнен тұрады).
- 7. Тармақ - 176.
- 8. Буын саны - 7,8.
- 9. Ұйқас түрі-кезектес.
- 10. Өлеңнің тәрбиелік мәні-өлеңде мақтаншақтық жат әдеттен сақтануға, адал, шыншыл болуға, өзгеге қиянат жасамай, адамгершілікті болуға тәрбиелейді

«Есенәлі мешкейге»





Бірде Есенәлі деген байдың үйіне Жамбыл қонаққа барады. Сонда Жамбылдың кедейлігін кекеткен болып : «Жамбылдың жүрегіне май батады дейсің бе?» - дейді Есенәлі мешкей табақтағы білектей қазыны өзіне қарай жылжытып. Сараңдықпен аты шыққан Есенәлінің өз дастарқанының берекесін өзі алғанына ыза болған Жамбыл оны мысқылдап өлең шығарады:

*Жаралгалы жегенің қазы, жамбас,
Қарның ашты дегенге адам нанбас.
Ет пен майды ішіңе нығап тығып,
Адамшылыққа инедей орын қалмас.*

Өлеңдері:

- 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс жайлы: “Патша әмірі тарылды”, “Зілді бұйрық”, “Халық кегі”, “Халықтың еркі кетті басынан”
- Төңкеріске дейінгі ел басындағы ауыр халі жайлы: “Жылқышыға”, “Кедей күйі”, “Мәңке туралы”, “Қалиға”, “Шалтабайға”, “Әділдік керек халыққа”
- Ашынған елдің айбарлы ерлігі, қаһармандық қуаты жайлы: “Қамал бұзған қаһарман”, “Аттан, батыр ұрпағым”, “Ата жаумен айқастық”
- Баласы Алғадайды жоқтау сарынында жазылған өлеңдері: “Алғадай туралы әрбір ой”, “Аттандыру
- Отан туралы: “Ленинградтық өрендерім”, “Ұлы көш”
- Сатиралық өлеңдері: “Кәдірбайдың төбеті”, “Кәкімге”, “Өстепкеде”, “Сәт сайланарда”






“Кедей күйі” өлеңі



- *Авторы – Жамбыл Жабаев.*
- *Тақырып – кедейдің мұңын жоқтау, заман келбетін ащы шындықпен жеткізу.*
- *Жанр түрі – поэзия (сатиралық өлең).*
- *Идеясы – автор тақырып өзі куә болып жүрген кедей күйі, қайырымсыз би-болыстың әділетсіздігі, халықтың ауыр тұрмысы суреттеледі.*
- *2 шумақ, 33 тармақ, 1 бунақ.*
- *Өлеңнің тәрбиелік мәні: Ел билеуші атқа мінерлерді дұрыс жолға шақыру. Әділдік орнатуға шақыру.*



ЕРААН СЫДЫКОВ



ЖАМБЫЛ



• Жамбыл – өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау. Ерлікті, елдікті дәріптеген, халықтың жоғын жоқтап, әлсіздерді күштілердің зорлығынан арашалаған, әділдікті, бостандықты жыр еткен көркем де қуатты поэзиясымен Жамбыл сынды тұлғаларымыз өз ғасырында қазақ әдебиетінде көрнекті орын алады. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев Жамбыл бабамыздың туып - өскен жері Ұзынағашта өткізілген 150 жылдық мерейтойына арнайы қатысып, жамбыл рухына бас иді. Жүз жасаған ұлы жыршы XX ғасырдың Гомері деген атпен халық жүрегінде мәңгі қалды.





HERBARIUM HERBARIUM

